



ҰБТ-ата-ана көзімен





Тренингтің мақсаты

Ата - аналардың ҰБТ - ға деген көзқарасын анықтап, қорқынышын сейілту. Психологиялық қолдау көрсету.



Тренингтің ережесі:

- 1. Бір-бірімізді тыңдаймыз;*
- 2. жақсы қарым-қатынаста болу;*
- 3. Уақытты үнемдейміз;*
- 4. Белсенділік көрсетеміз;*
- 5. Өз ойымды ашық айта білуге үйрену.*

The image features a light pink background with a white border. In each of the four corners, there is a decorative arrangement of pink flowers and green leaves, resembling a climbing plant. The text is centered in the middle of the page.

*«Көңіл -күйді көтеру»
жасаттыгуы.*

Жағдаят шешу

Қызыл түсті топқа сұрақ:

- *ҰБТ. Айтулы күн жақындаған сайын мектеп бітіруші баланың ұйқысы қашып, мазасыздана бастады. Ең алдымен ол мектептің, ата - анасы және өзінің абыройын ойлады. Осыған дейін тер төгіп дайындалған еңбегінің еш кеткенін қаламады. Оның үстіне ата - анасы баласына тым жоғары талап қойып отыр. ҰБТ күні ол төмен ұнай жинады.*
- *Сұрақ: Баланың ата - анасы ретінде балаға қандай қолдау көрсетесіз?*

Жасыл түсті топқа сұрақ:

Балаңыз мамандық таңдауға қатысты өз шешімін жасап қойған. «Болашақ дәрігермін» дейді. Ал Сіз болсаңыз балаңыздың медицинаға еш қабілеті жоқ екендігін нақты білесіз.

Тәжірибелі үлкен, жанашыр адам ретінде Сіз балаңызға қалай кеңес берер едіңіз?

Оны өз бейімділігіне қарай мамандық таңдауына қалай бағыттар едіңіз?

Ата-аналарға 11-сынып оқушыларынан хат

Менің сүйікті де қымбатты, ата-анам, қадірлі ұстаздарым! Мен сіздерге хат жазып отырмын. Мен Ұлттық Біріңғай тестін өте жақсы тапсыруды армандайтын, Париж, Лондон, не Астананың беделді жоғары оқу орынында оқуды қалайтын мектеп бітірушісімін. Мен сіздердің ұлыңыз не қызыңызбын. Мен үшін сіздердің маған деген қарым-қатынастарыңыз өте маңызды. Қазір, тестілеу күніне аз уақыт қалғанда, маған сіздердің қолдауларыңыз өте қажет, мен оған зәрумін. Сіздер мен үшін қатты уайымдайтындарыңызды білемін. Сіздер менімен жиі сөйлесіп, қолдау көрсетіп отырсаңыздар. Сіздер маған көбінесе сенімсіздік ұялатасыздар. Қазір менде қорқыныш бар. Ол – «мен Ұлттық Біріңғай тестіні тапсыра алмай, сіздердің үміттеріңізді ақтай алмаймын ба деген қорқыныш». Мен үшін «Қорқатын еш нәрсе жоқ. Сен мықтысың, білімдісің. Сондықтан өзіннің Ұлттық Бірыңғай тестінді жақсы тапсырасың!

Ал егер тапсыра алмай қалсаң, мен сені жақсы көретін, саған көмектесетін, сені түсінетін адамың екенімді ұмытпа! Алайда, сен міндетті түрде тапсырасың! Мен сенің Ұлттық Біріңғай тестіні тапсыру үшін барлығын жасайтынымды білемін» деген сенім ұялатар сөздеріңіз маңызды...

Иә, сіздердің сөздеріңізге немқұрайлы қарайтын кездерім болады. Бірақ, мен ол сөздерді есте сақтап, жүрегімде қалдыратынымды біліңіздер. Маған қолдау көрсетіңіздер, сенім ұялатыңыздар, кеңес беріңіздер. Кей кезде дұрыс тамақтануымды, ұйықтауымды, оқуымды қадағалаңыздар. Менімен отырып, менің тест жұмысымды бірге оқыңыз. Мен соған қуанамын, өзіме сенімді боламын.

«Сөз адамды өсіреді, не өшіреді». Таңдау сіздерде, мен сіздерді қатты жақсы көретінімді біліңіздер!

Құндылық ағашы



Жүректен жүрекке